

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JKET2923>

***А. С. Сатыбалдин**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*e-mail: akylbek_a_s@mail.ru

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ФОЛЬКЛОРТАНУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІ

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының үш саласын (әдебиет теориясы, тарихы мен сынын) дамытуға өзіндік үлес қосқан академик Қажым Жұмалиевтің фольклортану саласындағы ізденістерін саралауға талпындық.

Қажым Жұмалиев өткен ғасырдың қырқыншы жылдары-ақ ғылыми-педагогикалық қызмет жолында көрнекті қаламгер, зерделі ғалым және ұлағатты ұстаз ретінде танылады. Академик Қ. Жұмалиев Махамбеттану негізін салып, Абай поэзиясының тілін зерделеп, XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын тереңірек зерттеп, ұлттық фольклортану ілімін ғылыми негізде қалыптастыруға атсалысады. Саналы ғұмырын сөз өнерін зерттеуге арнаған ғалым артында мол ғылыми мұра қалдырады.

Жазылымда әдебиеттанушы ғалым Қ. Жұмалиевтің қазақ фольклортану ғылымына қатысты ой-толғамдары жинақталған және ауыз әдебиетінің парадигмалық сипатын ашатын зерттеу еңбектеріне шолу жасадық. Ғалым Қ. Жұмалиев XX ғасырдың 40 жылдары С. Сейфуллин, М. Әуезов пен С. Мұқановтардың фольклорлық мұралар туралы зерттеу еңбектерінен кейін халық шығармашылығын мектеп оқулықтары аясында зерттеп, осы оқулықтар негізінде фольклортанушылық сындарлы ойларын ортаға салады.

Қ. Жұмалиевтің тікелей фольклористика ғылымына қатысты зерттеу еңбектері: 1941 жылы жарық көрген орта мектептің сегізінші класына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы, «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты монографиясы, «Әдебиет теориясы» оқу құралы, Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы, Абай поэзиясы, XIX ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы

туралы ғылыми мақалаларында ішінара фольклортанушылық ой-тұжырымдары айтылады.

Жоғарыда айтылған зерттеулерінде ғалым Қ. Жұмалиев қазақ фольклористикасының барлық жанрларына ғылыми түсініктеме беріп, поэзиялық және прозалық жанрларды іштей жіктеп, айтыс, шешендік сөздер туралы ғылыми талдау жүргізеді.

Асылы, академик Қ. Жұмалиев қазақ фольклортанушылары арасында эпостың жанрлық сипаттарына ерекше көңіл бөлді. Ол эпостың генезисіне, табиғатына және негізгі сипаттарына қатысты дәйекті тұжырымдар берген және батырлық эпостар нұсқаларын салыстыра отырып, нақты талдаулар жүргізген зерттеуші болды.

Академик Қажым Жұмалиевтің фольклортанудағы қажырлы ізденістер нәтижесінде келесідей ғылыми ілгерілеуге қол жеткізді: мектеп оқулығын жазу арқылы төл фольклор жанрларының тегі мен табиғатын ашты, эпостар, оның типологиясы мен ерекшеліктерін зерделеді, әдебиет теориясы аясында фольклорлық поэзия мен прозаның көркемдік ерекшелігі, тіл бейнелігі, образдар жүйесін айқындады, фольклор мен әдебиеттегі дәстүр жалғастығы және сабақтастық мәселелерін тереңірек зерттеді.

Кілтті сөздер: әдебиеттану ғылымы, фольклортанушы ғалым, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, эпос, батырлар жыры, фольклорлық мұра.

Кіріспе

Қазақ филология ілімі мен сөз өнерін сүюші қауым жадында академик Қажым Жұмалиев есімі, ең алдымен, белгілі әдебиеттанушы ғалым, әдебиет теоретигі ретінде жақсы таныс. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының теориясы, тарихы мен сыны саласында өнімді еңбек етіп, ұлттық сөз өнерін дамытуға өзіндік үлес қосқан тұлға екені белгілі.

XX ғасырдың отызыншы жылдары қазақ зиялылары ортасында өрелі ақын әрі талантты жазушы қырымен таныла бастаған Қажым Жұмалиев әдебиеттану ғылымы көшіне де ілесіп, ғылым жолына түседі. Әсіресе XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті ақын-жыраулары шығармашылық галереясын терең танушы, қазақтың біртуар дауылпаз ақыны әрі композиторы Махамбет Өтемісұлы шығармашылығын ғылыми негізде алғаш сараптаушы, «қазақтың дана да дара ақыны Абай» поэзиясының тілін зерделеуші ғалым Қажым Жұмалиев екені даусыз. Саналы ғұмырын сөз өнерін зерттеу мен жоғары мектепте ұлттық кадрларды даярлауға сарп еткен ғалым артынан мол ғылыми мұра қалдырды. Атап айтқанда, ғалымның ғылыми еңбектері: «Әдебиет теориясы» оқулығы, «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулық

кітабы, аталған дәуір әдебиетінен мектептің 8–9 сыныптары мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ және орыс тілдерінде оқулықтар, «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» зерттеуі, екі томдық «Әдебиет тарихы» еңбегі, «Абай поэзиясының тілі» және «Махамбет» атты ғылыми монографиясы, «Стиль – өнер ерекшелігі» кітабы, сонымен қатар ғалым Қ. Жұмалиев 1948 жылы Әдебиет және өнер институты жанынан жарық көрген «Қазақ совет әдебиеті очеркінің» бас редакторы, 1960 жылы алты томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 18-19-шы ғасырлар аралығындағы қазақ әдебиетіне арналған 2-ші томы мен 1-ші кітабының редакциясын басқарды.

Атақты академиктің мерейтойына арналған мәжілісте: «Қ. Жұмалиев – қазақ әдебиетінде тұтас мектеп қалыптастырған ғалым. Оның алғашқы шәкірттері С. Қирабаев, З. Қабдоловтардың өзі бір-бір әдеби мектептің көш басында тұр. Академик Қ. Жұмалиев әдеби мектебінің шәкірттері қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы өкілдерінің шығармашылығын тереңдете зерттей бастады. Бұқар жырау Қалқаманұлы, Махамбет, Шернияз, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Біржан, Алмажан, Шәңгерей, Ақан сері, Абай, Ыбырай, Шоқан, Ақылбай, Мағауия тәрізді ақын-жырауларымыздың жыр-толғаулары халық санасына рух болып құйылды. Ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы салалары бойынша өзі ұсынған идеяларды жүзеге асыратын шәкірттері көптеп саналады. С. Қирабаев, З. Қабдолов, М. Мырзахметов, Б. Наурызбаев, Ф. Оразбаев, М. Атымов, М. Тілеужанов, З. Жұмағалиев, С. Құспанов, З. Серікқалиев, А. Сүлейменов сияқты ғалым-сыншылар тікелей Қажыекеңнің мектебінен өткен дарындар. Олардың ғылыми ізденістерінің жемісті болуы тікелей ықпал еткен ұстаз әсерінен болса керек. Қ. Жұмалиевтің басшылығымен 32 адам ғылым кандидаты, 8 адам ғылым докторы дәрежесін алыпты», – деді конференцияда сөйлеген сөзінде ф.ғ.д., профессор А. Мұсаев [1, 7].

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалы ретінде әдебиеттанушы ғалым Қ. Жұмалиевтің фольклортану саласына қатысты жазылған зерттеулері, мектеп оқулықтары, монографиялары мен ғылыми еңбектері алынды. Зерттеу мақсаты аясында аталған еңбектерге шолу жасау, сұрыптау, салыстыру, мәтіндік талдау, жүйелеу мен талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау

Ғалым Қ. Жұмалиевті ғылыми орта ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтан кейін әдебиет теориясын орыс мектебі негізінде одан әрі толықтыра зерделеген әдебиеттанушы ғалым деп танитыны тағы бар. Академик Қажым Жұмалиев әдебиет теориясымен қатар сөз өнерінің тарихы және сыны мәселелерін өзінше талдай отыра ұлттық фольклортану ғылымын зерттеу

ісіне ерекше еңбек сіңіріп, қазақ ауыз әдебиеті ілімінің ғылыми тұрғыда қалыптасуына да еңбек еткен фольклортанушы ғалым да атанды.

Академиктің ізбасары әрі рухани сырласы бола білген ғалым Мекерия Атымұв ұстазы Қажым Жұмалиевтің өмірі мен творчестволық қызметі жайлы монографиясында: «Он екі жасында әке мен шешеден бірдей жетім қалған Қажығали аға-жеңгелерінің қолында тәрбиеленеді. Шешесінің сүт кенжесі болып бұлаулау өскен Қажығали жас кезінен бастап-ақ ән мен жырға әуес, жиын-тойда «өлеңші бала» атанып кетеді», – деп жазады [2, 3]. Қазақтың сөз өнеріне деген сүйіспеншілігі балалық шағынан ерте оятқан ғалымның фольклор ілімін зерделеуі де осы заңдылыққа саяды.

Қазақ фольклортану ілімін кәсіби тұрғыда зерттеген ғалым, жазушы, Кеңес Одағының Батыры Мәлім Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында отандық фольклортану ғылымының қалыптасуына барынша үлес қосқан атақты М. Әуезов пен Е. Ысмайыловтар сапында Қажым Жұмалиевті де ерекше атап өтеді. М. Ғабдуллин: «Қ. Жұмалиев қыркыншы жылдардан бергі жерде жүргізген әдеби-зерттеу еңбектерінің бір саласы ауыз әдебиеті еді. Ол қазақ ауыз әдебиетінің тарихына, көркемдік қасиеті мен жанрлық ерекшеліктеріне көңіл аударды. Бұларды ол «Қазақ әдебиеті» (сегізінші класқа арналған оқулығы) және «Әдебиет теориясы» деп аталатын кітаптарында баяндайды», – деп жазған [3, 33].

Қазақ фольклоры проза жанрының жалпы табиғаты мен тегі туралы құнды зерттеулер жүргізген белгілі фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасов: «академик Қажым Жұмалиев – әдебиет тарихы мен әдебиет теориясының аса білгір маманы. Сонымен қатар ол – қазақ фольклорының да білікті зерттеушісі болды. Оның 1958 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты монографиясы – өз кезінде өте құнды бірден-бір ғылыми еңбек деп бағаланған болатын. Бұл еңбек әлі күнге дейін ғылыми маңызын жойған жоқ. Себебі мұнда нақты жырларды талдау ғана орын алған жоқ. Бұл кітапта фольклортану үшін маңызды-маңызды проблемалар түбегейлі қарастырылған болатын. Сондықтан да біз Қажым Жұмалиевті – фольклорист деп есептейміз», – деп жазады [4, 505].

Сондай-ақ Қ. Жұмалиевтің алдын көрген шәкірті, әдебиет тарихы мен сынын зерттеуші академик Серік Қирабаев та ұстазы жайлы естелік зерттеу мақаласында: «Қажымның бір сала зерттеулері – қазақ халқының ауыз әдебиетімен байланысты. С. Сейфуллин мен М. Әуезовтен кейін Қажым қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеу ісіне аса мол еңбек сіңірді. Ол ауыз әдебиеті материалдарын жүйелеп, тарихи қалыпқа келтіру ісіне белсенді қатысты. Оны алғаш рет өзінің орта мектептің сегізінші класына арналған оқулығында жүзеге асырды. Ол қазақтың батырлар жыры, лиро-эпостық поэмалар, тарихи жырлар жайлы зерттеулер жасады. Қазақ әдебиеті

тарихының ауыз әдебиетіне арналған бөлімінің де көптеген тарауларын жазды», – деп тебірене қалам тартады [5, 284]. Академик Серік Қирабаев ұлағатты ұстазының ғылым докторлары аз көрші республикалар, Орта Азия әдебиетшілерінен докторлар даярлау ісіне зор қолқабыс еткен және өзбек, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт әдебиетшілерінің бірқатары (Н. Сагитов, Н. Жапақов, Қ. Рсалиев, А. Харисов т.б.) Қажым Жұмалиевке қарыздар екенін де айтып, ұстазының ғылыми еңбегін жоғары бағалайды.

Түркі тілдес халықтар фольклорын зерделеу ісінде Қ. Жұмалиевтің манастану ілімінің бір пұшпағын илеуге де атсалысқан азды-көпті еңбегі барын да айту міндет. «Қажым Жұмалиевтің ауыз әдебиеті туралы соңғы зерттеулерінің бірі – қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» жайлы. Шоқан Уалиханов пен М. Әуезовтен кейінгі қазақ әдебиетінде құнды пікір айтқан ғалымдарымыздың бірі – Қ. Жұмалиев болды. Бүкіл жер жүзінде «Манастан» үлкен зор көлемді эпопея болмағандығын дүниежүзілік эпостармен салыстыра отырып, дәлелдеп береді», – деп жазады п.ғ.к. С. Хайыржанова [6, 12].

Қ. Жұмалиев ХХ ғасырдың 30 жылдары орта тұсынан-ақ фольклористика ғылымын зерттеуге ден қоя кіріседі. Әдебиет тарихы мен сыны жайында жазылған мақалалармен қатар өз дәуірі үшін өте өзекті фольклортану мәселелеріне арналған сындарлы зерттеушілік толғамдары баяндалған ғылыми мақалалар мен тезистерін жариялап тұрады. Ал ғалымның фольклористика ғылымы жайлы алғашқы зерттеу еңбегі 1941 жылғы орта мектептің сегізінші класына арналған әдебиет оқулығынан бастау алады. Аталған оқулықтың құрастырушысы Қ. Жұмалиев еді. Ол бұл оқулықты Өлкей Марғұланмен бірлесіп жалпы редакциясын басқарды. Кітаптың батырлар жыры туралы бөлімін Қ. Жұмалиев жазған. Араға бір жыл салып, ғалым Қ. Жұмалиев (1942) орта мектептің жоғары кластарына арнап «Қазақ әдебиеті» оқулығын баспадан шығарады. Бұл еңбекте автор ауыз әдебиеті, фольклор терминдерінің аражігін аша талдап, халық шығармашылығының поэзиялық және прозалық жанларын жіктеп, олардың табиғатына ғылыми түсініктеме беріп, ауыз әдебиеті шығармаларының жалпы табиғатын айқындап сипаттайды. Ғалым мектеп оқулығы негізінде фольклор жанрларына ғылыми түсініктеме беріп, олардың өзіндік ерекшеліктері мен типологиясын жасайды. Автор осы оқулығы арқылы ұлттық тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, ертегілер, шешендік сөздер мен айтыстар жайлы өз зерттеушілік толғамдарын ортаға салады. Әдебиет оқулығының авторы Қ. Жұмалиев «ауыз әдебиетінің» елдің өркендеуіндегі айрықша қызметі мен рөлі туралы: «Жазуы, баспасы жоқ елдерде сөз өнері негізгі құрал екендігі. Ондай елдің ауыз әдебиеті сан алуан сипаттарды өз бойына сыйғызады.

Халық өмірге көзқарасын да, жастарға тәлім-тәрбие беру мәселесін де, ел басынан өткен тарихи жайттарды да, діни наным-сенімдерін де сөз арқылы көпшілікке жеткізеді. Сондықтан сөз өнерін дамыту, оның мазмұнымен қатар түр көркемдігіне ерекше көңіл бөлу жай машақтанудан туған нәрсе емес, өмір тілегінен туған нәрсе», – деп фольклорлық мұраны сөз өнері тұрғысынан зерттеу қажет екенін топшылайды [7, 12].

Қ. Жұмалиевтің ұлттық фольклортану мәселелерін ғылыми негізде талдаған тағы бір айтулы еңбегі – «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты монографиясы. Осы зерттеу еңбекте ғалым халық мұрасы – эпос жанрларын жинау, баспадан шығару және зерттеу тарихын жүйелей келе эпостарды жанрларға жіктеу, олардың барлық нұсқаларын салыстыра зерттеу ісінде қажырлы еңбек етеді. Аталған еңбекте Қ. Жұмалиев «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр» жырларының шығу тегі, пайда болу кезеңі, қалыптасу жолы мен даму тенденциясы жайлы мәселелерге мән беріп, батырлық эпостардың халықтық сипаты, идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен тақырыбы туралы ой толғайды. Халық эпостарын зерттеген Қажым Жұмалиев қазақтың батырлар жырына тән ерекшеліктерді атап, эпостар тегінде бақташылық, аңшылық мотивтер және ерте дәуірдегі халық өмірінің тынысы да бар деген қорытынды шығарады. Осы орайда Қ. Жұмалиевтің қазақтың қаһармандық эпосы жайлы келесі пайымын келтіру орынды: «Қазақтың ауыз әдебиеті материалдарының молдығы, мазмұндылығы және түр көркемділігі жағынан қай халықтың әдебиетінен де кем түспейді. Халқымызға мәлім батырлар жырында бірнеше ғана эпизодтан құралған, батырдың бір ғана ерлігін көрсететін қысқа поэмалар («Базар»), әлденеше ерлік қимылдарын бір адамның басына жинақтап, оқиғаларын композициялық жағынан бір бүтін етіп шығарған ұзақ поэмалардың («Алпамыс», «Қобыланды») және әңгіме бір батырдың ғана емес, көптеген батырлардың ерліктерін жалғастыра суреттейтін эпопеялық эпостардың болу дерегі қазақ ауыз әдебиетінің әрі бай, әрі эпостық жыры марқайған ел екендігін аңғартады» [7]. Ғалым Қажым Жұмалиев эпостар туралы зерттеуінде түркі тілдес халықтар фольклорындағы қаһармандық эпостарға тән басты белгінің бірі – батырдың ғажайып туысы екенін дәлелдейді. Батырлық эпостарға тән белгілерді мынадай реттік жүйемен баяндайды: біріншіден, эпостардың басым көпшілігінде негізгі қаһармандардың тәңірден тілеу арқылы дүниеге келген жалғыз ұл болып келетіндігі; екіншіден, әке-шешесі сол жалғыз перзентін бала сүю жасынан өткеннен кейін барып көретіндігі; үшіншіден, жырлардағы тілеп алған баланың ана құрсағына бітуіне себепші, жарылқаушы әулие-әмбиелер кейде Баба түкті шашты Өзиз немесе Қырық Шілтен; төртіншіден, дүниеге келер ер баланың тегін еместігін аңғартқандай анасының жолбарыс не аю етіне

жерік болуы; бесіншіден, өмірге келген перзенттің күн санап өсіп, алты жасында ат жалын тартып мінуі. Қ. Жұмалиев жоғарыда айтылғанның бәрі батырлар жырының негізгі табиғатын ашатын белгі-ерекшеліктердің бірі екенін тап басып тани біледі. Сонымен қатар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» классикалық жыр-дастандардың тарихи шындыққа қатысын, сюжет желісіндегі дәуір айнасы мен жырдағы оның көрінісін салғастырып талдайды.

Эпостанушы ғалым Р. Бердібаев «Қазақ эпосы» атты зерттеуінде қазақ фольклоршылары қатарынан эпостың жанрлық сипаттарына көңіл бөліп, парасатты пайымдау жасаған ғалымдардың бірі – академик Қ. Жұмалиев дей келе, Қ. Жұмалиев эпостың генезисіне, табиғатына және негізгі белгілеріне байланысты түйінді тұжырымдар айтып, жеке нұсқалар бойынша нақтылы талдаулар келтірген деген оң бағасын береді.

Ғалым Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде фольклортану мәселелерін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырмаса да, әдеби образдар жүйесін ғылыми-зерттеу мақсатында фольклорлық проза мен эпостардағы классикалық образдар арқылы кеңінен талдайды. Демек, ол әдеби образдарға ғылыми түсініктеме жазу үшін мысал-картотека әдісімен халық ауыз әдебиеті персонаждарын кеңінен қолданып, образдар типіне талдау жасайды.

Әдебиеттанушы ғалым Қ. Жұмалиевтің Махамбеттану және Абайтану іліміне арнап жазған ғылыми-зерттеу еңбектерінің өзі бір төбе. Ғалым аталған әдебиеттің тұлғатану саласында да фольклортану мәселелерін қаузап, халық шығармашылығындағы дәстүр мен сабақтастық мәселелері туралы тұщымды ойларымен бөліседі. Киелі сөз өнерінің бастауында фольклорлық дәстүр жалғастығы тұруы заңдылық екенін ескерте келе, шығармашылық тұлғалардың нәр алар қайнары фольклорлық мұра деген ойын білдіреді. Ол Абай мен Махамбет поэзиясының тамыры ұлттық ауыз әдебиетінен сусындап қана қоймай, тығыз сабақтас екенін нақты мысалдармен дәйектеп дәлелдейді. Сондай-ақ ғалым ұлттық фольклордың «ұсақ жанрларынан» мысал-картотекалар теріп, оларға талдау жасап, жазба ақындар поэзиясымен ауыз әдебиетінің үндестік-байланысы және ықпал-әсері туралы ойларын ортаға салады. Мақал-мәтелдер мен шешендік сөздердің де Абай поэзиясынан орын алуын талқылай келе халық шығармашылығының көркемдік сипатын қарастырады.

Қорытынды

«Қазақтың ауыз әдебиеті – халықтың дін, философия, этнография, саясат, тәлім-тәрбие, ғылым, тарих – бәрінің басы түйіскен үлкен қазынасы» деген ұстанымды берік сақтаған академик Қажым Жұмалиевтің фольклортанудағы ізденістерін келесідей бағыттарға жіктеуге болады:

1 Мектеп бағдарламасы (оқулығы) негізінде фольклор жанрларының тегі мен табиғатын ғылыми жүйелеу;

2 Қазақ эпостары, оның типологиясы мен сипат-белгілерін ғылыми зерделеу;

3 Әдебиет теориясы аясында фольклорлық поэзия мен прозаның көркемдік ерекшелігі, тіл бейнелігі, образдар жүйесін ғылыми тұжырымдау;

4 Фольклор мен әдебиеттегі дәстүр жалғастығы және сабақтастық амал-жолдары туралы зерделеу.

Жоғарыда баяндалған мәселелерді түйіндей келе айтарымыз, «Уикипедия» порталындағы «Қажым Жұмалиев – жазушы, ақын, абайтанушы, әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1967, 1946 жылдан корреспондент мүшесі)» [8] делінген анықтамалық мәліметке «фольклортанушы ғалым» деген тіркесті де қосу қажет екені сөзсіз. Осы мәселені жоғарыда баяндалған тұжырымдармен дәйектеуге талпындық.

Қорыта айтсақ, көрнекті әдебиет теоретигі Қажым Жұмалиевтің фольклортанудағы ізденістерінен ұлттық фольклордың ғылыми аспектілерін өз деңгейінде зерттей алғанын аңғарамыз. Демек, белгілі әдебиеттанушы маман қазақ фольклорының жалпы табиғаты, жанрлық сипаты мен көркемдік қасиеті сынды басты белгілерін ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеген.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Мұсаев, А. М.** Академик Қажым Жұмалиевтің ғылыми мектебі [Мәтін] // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» : «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында академик Қажым Жұмалиев мұрасына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал : М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы. – 2018. – Б. 7;

2 **Атымов, М.** Қажым Жұмалиев: (Өмірі мен творчестволық қызметі) [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1987. – Б. 3;

3 **Ғабдуллин, М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1974. – Б. 33;

4 **Қасқабасов, С.** Алтын жылға /Зерттеулер мен мақалалар/ [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2013. – Б. 505–509;

5 **Қирабаев, С.** Өмір тағылымдары: естеліктер [Мәтін]. – Алматы, 2006. – Б. 282–286;

6 **Хайыржанова, С. Қ.** Жұмалиев әдебиеттану ғылымын зерттеуші ғалым [Мәтін] // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының

өзекті мәселелері»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында академик Қажым Жұмалиев мұрасына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал : М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы. – 2018. – Б. 12–13;

7 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері [Мәтін]. – Алматы, 1958. – Б. 3-16;

8 [Электронды ресурс]. - <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B6%>

9 **Мамыров, А.** Қажымтанудағы ізденістер // «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында академик Қажым Жұмалиев мұрасына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы. – 2018. – Б. 33–43;

10 **Қирабаев, С.** Шындық және шеберлік. – Алматы, 1981. – Б. 161;

11 **Бердібаев, Р.** Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – Б. 420.

References

1 **Musaev, A. M.** Akademik Qajym Jumalievtiń ǵylymı mektebi. [Scientific School of Academician Kazhim Zhumaliyev] [Text] // «Qajym Jumaliev jáne qazirgi ádebiettanı ǵylymynyń ózekti máseleleri»: «Rýhani jańǵyrý» baǵdarlamasy aıasynda akademik Qajym Jumaliev murasyna arnalǵan respýblikalyq ǵylymı-tájiribelik konferentsıa materialdary. [«Kazhim Zhumaliyev and actual problems of modern literary studies»: Materials of the Republican scientific and practical conference dedicated to the heritage of Academician Kazhim Zhumaliyev within the framework of the program «Ruhani zhangyru»] – Uralsk, 2018. – P. 7

2 **Atymov, M.** Qajym Jumaliev. [Kazhim Zhumaliyev]: (Ómiri men tvorchestvolyq qyzmeti) [Life and creative activity] [Text]. – Almaty: Science, 1987. – P. 3.

3 **Ǵabdýllın, M.** Qazaq halqynyń aıyz ádebieti. [Oral literature of the Kazakh people] [Text]. – Almaty, 1976. – P. 33.

4 **Qasqabasov, S.** Altyn jylǵa /Zertteýler men maqalalar/. [To the golden year /research and articles/] [Text]. – Almaty : Silk Road, 2013. – P. 505–509

5 **Qırabaev, S.** Ómir taǵylymdary: estelikter. [Life lessons: memories] [Text]. – Almaty, 2006. – P. 282–286.

6 **Hayırjanova, S. Q.** Jumaliev ádebiettanı ǵylymyn zertteýshi ǵalym. [K. Zhumaliyev research scientist of literary studies] [Text] // «Qajym Jumaliev jáne qazirgi ádebiettanı ǵylymynyń ózekti máseleleri»: «Rýhani jańǵyrý» baǵdarlamasy aıasynda akademik Qajym Jumaliev murasyna arnalǵan respýblikalyq ǵylymı-tájiribelik konferentsıa materialdary. [«Kazhym Zhumaliyev and actual problems

of modern literary studies»: materials of the Republican scientific and practical conference dedicated to the heritage of Academician Kazhym Zhumaliyev within the framework of the program «Rukhani zhangyru»). – Uralsk, 2018. – P. 12–13.

7 **Jumaliyev, Q.** Qazaq eposy men ádebiet tarihyunyń máseleleri. [Problems of the history of the Kazakh epic and literature] [Text]. – Almaty, 1958. – P. 3–16.

8 [Electronic resource]. – <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B6%>.

9 **Mamyrov, A.** Qajymtanýdaǵy izdenister. [Searches in exhausting studies] //«Qajym Jumaliyev jáne qazirgi ádebiettanyń ǵylymynyń ózekti máseleleri»: «Rýhani jańǵyǵy» baǵdarlamasy aiasynda akademik Qajym Jumaliyev murasyna arnalǵan respýblikalyq ǵylymı-tájiribelik konferentsıa materialdary. [«Kazhym Zhumaliyev and actual problems of modern literary studies»: materials of the Republican scientific and practical conference dedicated to the heritage of Academician Kazhym Zhumaliyev within the framework of the program «Ruhani zhangyru»). – Uralsk, 2018. – P. 33–43.

10 **Qirabaev, S.** Shyndyq jáne sheberlik. [Truth and skill]. – Almaty, 1981. – P. 161.

11 **Berdibaev, R.** Qazaq eposy. [Kazakh epic]. – Almaty : Science, 1982. – P. 420.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

**А. С. Сатыбалдин*

Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ИССЛЕДОВАНИЯ КАЖИМА ЖУМАЛИЕВА В ФОЛЬКЛОРИСТИКЕ

В данной статье мы попытались проанализировать труды академика Кажыма Жумалиева в области фольклористики, внесшего свой вклад в развитие трех отраслей казахской литературоведческой науки (теории, истории и критики литературы).

Кажым Жумалиев известен еще в сороковых годах прошлого века как выдающийся писатель, ученый-интеллектуал и великий учитель на протяжении всей научно-педагогической деятельности. Академик К. Жумалиев заложил основы Махамбетоведения, изучил язык поэзии Абая, углубился в творчество представителей казахской литературы XVIII–XIX веков, участвовал в формировании национального

фольклористического учения на научной основе. Ученый, посвятивший свою сознательную жизнь изучению искусства слова, оставляет за собой обширное научное наследие.

В работе представлен обзор исследовательских работ ученого-литературоведа К. Жумалиева, в которых собраны размышления, касающиеся казахской фольклористики и раскрывается парадигмальный характер устной литературы. Ученый К. Жумалиев в 40-е годы XX века после исследовательских работ С. Сейфуллина, М. Ауэзова и С. Муканова о фольклорном наследии исследует народное творчество в рамках школьных учебников и на основе этих учебников излагает конструктивную фольклористическую мысль.

Исследовательские работы К. Жумалиева, непосредственно относящиеся к науке фольклористики: учебник «Қазақ әдебиеті» для восьмого класса средней школы, монография «проблемы истории казахского эпоса и литературы», учебное пособие «Әдебиет теориясы», частично опубликованы в научных статьях о творчестве Махамбета Утемисова, поэзии Абая, творчестве акынов-жырау XIX века произносится фольклористическая мысль.

В своих вышеизложенных исследованиях ученый К. Жумалиев дал научное объяснение всем жанрам казахской фольклористики, внутренне классифицировал поэтический и прозаический жанры, провел научный анализ айтыса, ораторского мастерства.

Академик К. Жумалиев уделял особое внимание жанровым характеристикам эпоса среди казахских фольклористов. Он был исследователем, который дал последовательные выводы относительно генезиса, природы и основных характеристик эпоса и провел фактический анализ, сравнивая варианты героических эпосов.

В результате упорных поисков Академика Кажыма Жумалиева в фольклористике был достигнут следующий научный прогресс: написанием школьного учебника он раскрыл происхождение и природу жанров фольклора, изучил былины, их типологию и особенности, в рамках теории литературы выявил художественную специфику фольклорной поэзии и прозы, языковую образность, систему образов, глубже изучил проблемы преемственности и преемственности традиций в фольклоре и литературе.

Ключевые слова: литературоведение, ученый-фольклорист, устная литература, теория литературы, эпос, героические поэмы, фольклорное наследие.

*S. Satybaldin

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 13.03.23.

RESEARCH OF KAZHIM ZHUMALIEV IN FOLKLORE

In this article, we tried to analyze the works of academician Kazhym Zhumaliyev in the field of folklore, who contributed to the development of three branches of Kazakh literary science (theory, history, and literary criticism).

Kazhym Zhumaliyev was known back in the 40s of the last century as an outstanding writer, intellectual scientist, and great teacher throughout his scientific and pedagogical activity. Academician K. Zhumaliyev laid the foundations of Makhambet studies, studied the language of Abai's poetry, delved into the work of representatives of Kazakh literature of the 18th-19th centuries, and participated in the formation of national folklore teachings on a scientific basis. A scientist who has devoted his conscious life to the study of the art of the word leaves behind an extensive scientific heritage.

The paper presents an overview of the research works of the literary scholar K. Zhumaliyev, which contains reflections on Kazakh folklore and reveals the paradigmatic nature of oral literature. Scientist K. Zhumaliyev in the 40s of the twentieth century, after the research work of S. Seifullin, M. Auezov and S. Mukanov on the folklore heritage, explores folk art within the framework of school textbooks and, on the basis of these textbooks, sets out constructive folklore thought.

The research works of K. Zhumaliyev, directly related to the science of folklore: the textbook "Kazakh adebieti" for the eighth grade of secondary school, the monograph "Problems of the history of the Kazakh epos and literature", the textbook "Adebiet theoryasy", partially published in scientific articles on the work of Makhambet Utemisov, poetry of Abai, the work of akyns-zhyrau of the 19th century, a folklore idea is pronounced.

In his studies, the scientist K. Zhumaliyev gave a scientific explanation to all genres of Kazakh folklore, internally classified the poetic and prose genres, and conducted a scientific analysis of aitys, oratory.

Academician K. Zhumaliyev paid special attention to the genre characteristics of the epic among Kazakh folklorists. He was a researcher who gave consistent conclusions regarding the genesis, nature, and main characteristics of the epic and conducted factual analysis by comparing variants of heroic epics.

As a result of the persistent searches of Academician Kazhym Zhumaliev in folklore, the following scientific progress was made: by writing a school textbook, he revealed the origin and nature of folklore genres, studied epics, their typology and features, within the framework of literary theory, revealed the artistic specificity of folklore poetry and prose, linguistic imagery, system images, studied more deeply the problems of continuity and continuity of traditions in folklore and literature.

Keywords: literary criticism, folklorist, oral literature, literary theory, epic, heroic poems, folklore heritage.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz